

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Ғылым комитетінің №7 мәжілісі
Хаттамасының шешімдері

Түркістан қаласы

28.03.2022 ж.

Сағат: 15:00

Өткізілетін түрі: онлайн (ZOOM платформасы арқылы)

Регламент: 3-5 минут

Қатысқандар:

ҒК төрағасы Ошибаева А.Е., ҒК мүшелері, декан орынбасарлары.

Күн тәртібі:

1. Келісім-шарттық (шаруашылық), меморандум негізінде орындалатын ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы *(Факультет декандары, бағыттар бойынша жасаптылар)*.
2. Әр түрлі мәселелер
 - 2.1. Факультеттерден келген магистрант, докторанттардың жетекшілері мен тақырыптарын өзгертіп, бекітуге ұсыныстар *(Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А.Балтабаева)*.
 - 2.2. Университет ережелерін талқылап, бекітуге ұсыну: УЕ-ХҚТУ-077-2021 «Постдокторантура бағдарламасының ережесі» *(Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиқов)*.

Ескерту: ҒК-нің 2022 жылғы №7 мәжілісінің Күн тәртібінде қарау жоспарланған 2) Университеттің патенттік саясаты жайлы және 3) Өндірістік орындар, мекемелер және ғылыми-зерттеу орталықтарымен жасалған шаруашылық келісімдердің орындалу барысы бойынша мәлімет атты екі мәселе Коммерциализациялау офисінің басшысы лауазымының уақытша бос болуына байланысты келесі ҒК мәжілісіне қалдырылады.

Ашық дауыс беру нәтижесінде УНИВЕРСИТЕТ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ

ШЕШІМДЕРІ:

1. Келісім-шарттық (шаруашылық), меморандум негізінде орындалатын ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы факультет декандары мен ҒЗИ директорларының мәліметтері толықтырылып, 01.04.2022 жылға дейін мәжіліс хатшысына тапсырылсын.
2. Магистранттар мен докторанттардың тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекіту және өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Сенат мәжілісіне ұсыныс берілсін:
 - 2.1. 2021-2022 оқу жылы 24.01.2022 ж. №СБ-364, 24.01.2022 ж. №СБ-365 санды бұйрықтарымен қабылданған 1-курс магистранттарының магистрлік диссертацияларының тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекіту.
 - 2.2. 10.11.2020 ж. №СБ-110, 26.11.2021 ж. №СБ-196, 28.10.2021 ж. №СБ-133 санды бұйрықтарымен бекітілген магистранттардың ғылыми жетекшілеріне өзгерістер енгізу.
 - 2.3. 2021-2022 оқу жылында қабылданған 1-курс магистранттарының 28.10.2021 ж. №СБ-133 санды бұйрығымен бекітілген магистрлік диссертация тақырыптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

2.4. Басқа ЖЖОКБҰ-нан 20.01.2022 ж. №СБ-343 санды бұйрығымен қабылданған магистранттың ғылыми жетекшісі мен диссертациялық тақырыбын бекіту.

2.5. Төменде көрсетілген докторанттың 30.12.2021 ж. №СБ-264 санды бұйрығымен бекітілген ғылыми жетекшісіне өзгеріс енгізу.

2.6. 2021-2022 оқу жылының қысқы конкурс нәтижесінде 24.01.2022 ж. №СБ-363 санды бұйрығымен білім беру бағдарламалары бойынша Жаратылыстану факультетіне қабылданған докторанттың отандық және шетелдік ғылыми жетекшілерін бекіту.

3. УЕ-ХҚТУ-077-2021 «Постдокторантура бағдарламасының ережесі» Сенат мәжілісіне бекітуге ұсынылсын.

Ғылым комитетінің төрайымы:



А.Ошибаева

Мәжіліс хатшысы:



Ж.Ахметова